

"2016 жылға арналған мемлекеттік инвестициялық жобалардың кейбір мәселелері туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 303 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 10 қарашадағы № 633 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 қарашада № 5644 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексіне сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І** :

1. "2016 жылға арналған мемлекеттік инвестициялық жобалардың кейбір мәселелері туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 303 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5316 тіркелген, облыстық "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2016 жылдың 28 қаңтарында жарияланған) келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1 - т а р м а қ т а :

4) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

"4) "Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын 2016 жылға арналған мемлекеттік - жекешелік әріптестік жобаларын консультациялық қолдау жөніндегі қызметтердің Тізбесі";

мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу "Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын 2016 жылға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының Тізбесі бекітілсін.";

2) аталған қаулымен бекітілген техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу "Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын 2016 жылға арналған бюджеттік инвестициялық жобалардың Тізбесіндегі:

"Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі" 2 бөлімінің реттік нөмірі бірінші жолы жаңа редакцияда жазылсын:

"1 Қызылорда қаласында Сырдария өзенінің сол жақ жағалау бөлігінде көше-жолдары желісінің құрылысы 198 621";
мынадай мазмұндағы 3 бөліммен толықтырылсын:

"3. "Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі

1 Қызылорда облысының Шиелі ауданында Сырдария өзенінің Күміскеткен учаскесінде суларды жинау үшін су қоймасын салу 1 000";

3) аталған қаулымен бекітілген конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу "Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын 2016 жылға арналған концессиялық жобалардың Тізбесі осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4) аталған қаулымен бекітілген "Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын 2016 жылға арналған концессиялық жобаларды консультациялық қолдау жөніндегі қызметтердің Тізбесіндегі:

"Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі" 2 бөлімінің:

реттік нөмірі бірінші жолы жаңа редакцияда жазылсын:

"1 Қызылорда қаласындағы 500 келушіге арналған емхана құрылысы 6 029";

5) аталған қаулымен бекітілген "Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын 2016 жылға арналған мемлекеттік - жекешелік әріптестік жобаларын консультациялық қолдау жөніндегі қызметтердің Тізбесіндегі:

"Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі" 1 бөлімінің:

реттік нөмірі бірінші жолы жаңа редакцияда жазылсын:

"1 Қызылорда қаласындағы "Қорқыт Ата" әуежайының жаңа жолаушылар терминалын салу 17 932";

б) аталған қаулы осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2016 жылғы "10" қараша №633
қаулысына 1-қосымша
Қызылорда облысы әкімдігінің

Конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу "Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын 2016 жылға арналған концессиялық жобалардың Тізбесі

№	Жобаның атауы	Концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеуді немесе түзетуді қаржыландыру, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу сомасы, мың теңге
1	2	3
"Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі		
1	Қызылорда қаласы СПМК-70 ауданындағы 200 орындық жатақханасы бар 600 орынға арналған кәсіптік-техникалық лицей құрылысы	1491
2	Қызылорда облысының білім беру жүйесін жетілдіру	1491
3	Қызылорда қаласындағы 500 келушіге арналған емхана құрылысы	1491

Қызылорда облысы әкімдігінің
2016 жылғы "10" қараша №633
қаулысына 2-қосымша
Қызылорда облысы әкімдігінің
2016 жылғы 20 қаңтардағы № 303
қаулысымен бекітілген

Конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізу "Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын 2016 жылға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының Тізбесі

№	Жобаның атауы	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының конкурстық құжаттамаларын әзірлеуді немесе түзетуді қаржыландыру, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу сомасы, мың теңге
1	2	3
"Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі		
1	Қызылорда қаласындағы жекпе-жек спорт түрлерінің дене шынықтыру-сауықтыру кешенін жалға беру	2982

2	Қызылорда қаласы Жанқожа батыр көшесінде ауысымына 400 қабылдауға арналған емхананы ашу	2982
3	Қызылорда қаласындағы "Қорқыт Ата" әуежайының жаңа жолаушылар терминалын салу	1491

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК